



«АЛҒЫСТАН БАСҚА АЙТАРЫМЫЗ ЖОҚ»

Дүние жүзіне тараған коронавирус індеті біздің елімізге де келе бастағанда «қалай болар екен?» деп уайымдағанмыз рас. Бірақ «бізге жете қоймас» деген ой басым болды. Осылайша бейкам жүргенімізде аты жаман ауру біздің ауылға да жетті. Әдепкіде онша еле-меп едік, кейіннен қорқып қалдық. Ауылда 44 адам ауруға шалдықты, жүзден астамы олармен қарым - қатынаста болып, оқшауланды. Ауылымыз тұтастай карантинге жабылды. Аудан, облыс орталығымен қатынас тоқтады. Тұрғындар көшеге де шықпайтын болды. Ауылға кіреберіске тосқауыл бекеті қойылып, ешкімнің сыртқа шықпауы, сырттан кірмеуі қатаң қадағаланды. Қамсыз отырған ауыл тұрғындары үшін бұл жағдай оңай болған жоқ. Бірақ, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, осындай қиын сәтте бізді көп болып қолдады. Облыс, аудан орталығынан тиісті сала мамандары, медицина қызметкерлері келіп, тұрғындарды сабырға, төтенше жағдай талаптарын орындауға шақырып, ақпараттық, түсіндірме жұмыстары үздіксіз жүргізілді. Алғашқы наукас тіркелісімен-ақ, ауылда тынымсыз тірлік басталып кетті. Бар үмітіміз ең алдымен ақ халаттыларда болды. Індет ілмегіне іліккендер мен олармен байланыста болғандарды жедел жәрдем көлігімен ауданға, облыс орталығына алып кетіп жатты.

Залалсыздандыру жұмысының өзіне әскерилер көптеп тартылды. Көрші облыстан, ауданнан да әскерилер арнайы көліктермен келіп, ауыл түгел залалсыздандырылды. Әскери қызметкерлердің де енбегі орасан зор болды. Мұндай жағдайда басты шарт – тәртіпке бағыну. Осы орайда әскерилер бір адамның сыртқа аттап басыпауын қатаң қадағалады. Күндіз-түн демей өз міндеттерін мінсіз орындады. Соның арқасында ауылда тәртіпсіздік орын алған жоқ.

Тұрғындар қандай жағдай болмасын бір-біріне көмектесуге әзір еді. Аудан, ауыл әкімі тарапынан тұрмысы төмен отбасыларын қолдау шаралары ұйымдастырылды. Ауылмен қатынас тоқтағандықтан азық-түлік, дәрі-дәрмектер тосқауыл бекеттеріне дейін жеткізіліп, әрі қарай үйлерге таратылды. Өзге аймақта, ел ішінде жүрген ауылдан шыққан азаматтар да қоғамдай жапырылып көмек қолын созды. Олар өз қаржыларына азық-түлік сатып алып, оны көпбалалы отбасылары мен мұқтаж жандарға үлестірді. Атап айтқанда, ауылдағы «Төңкеріс» ұжымы ұн, күріш таратса, мал сойып, етпен қамтамасыз еткендері де болды. Сонымен бірге ауылдың ерікті жастары да ақша жинап, көмектерін ұсынды. Құдайға шүкір, ел ішінде жүрегі мейірімге толы, қолы ашық, пейілі кең жомарт жандар баршылық ғой. Әлі күнге дейін қайырымды жандардан көмектер көрсетілуде. «Nur Otan» партиясы мен аудан әкімдігінің беріп жатқан көмегі өз алдына. Олар азық-түлікпен қатар, қорғаныш құралдарымен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуде. Қазіргі кезде індет жұқтырған азаматтар аурудан айығып, отбастарына оралып жатыр. Күдікпен карантинге жатқызылғандар да үйлеріне келуде. Бұл, әрине, дәрігерлердің енбегі екені белгілі.

Ең бастысы, басымызға түскен сындарлы шакта біз өзіміздің жалғыз емес екенімізді түсіндік, көптің тілеуін, қолдауын сезіндік. Сол себепті де ауылдастарымын атынан алғыс айтамын. Енді аз күнде ауылмызды карантиннен шығады деп отырмыз. Еліміз, халқымыз аман болып, қиындықтың бәрі артта қалсын деп тілеймін.

Құрманбек ҚАРАКЕЕВ,
Ш.Қодаманов ауылының тұрғыны,
енбек ардагері.
Шиелі ауданы.



● БІЗ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК

ТӘРТІП БОЛМАЙ ТІЗГІНДЕУ ҚИЫН

Жалпы вирусты инфекцияның шекарасы жоқ. Бұл пікірді менің әріптестерім, яғни, эпидемиолог мамандар қашаннан ұстанып келеді. Қазіргі кезде әлемді жайлаған коронавирус – бұл «2019-nCoV» деп аталатын вирустық инфекцияның жаңа түрі.

Ол жоғарғы тыныс алу жолдарының жеңіл немесе орташа ауруын тудырады, өкпе қабынуы асқынып, өлімге келуі мүмкін. Белгілі болғанындай, коронавирус инфекциясының вирусы адамда түрлі ауыртпалықтағы респираторлы ауруларды тудырады. Аурудың белгілері жай (мерзімдік) тұмауға ұқсас. Аурудың ауырлығы түрлі факторларға, оның ішінде алғашқы жалпы жағдайы мен жасына байланысты.

Ауруды алдын алу үшін белгіленген ережелерді сақтау қажет: Атап айтқанда, қолды сабынмен жиі жуу, тұрмыстық жуу құралдарын қолдана отырып, тазалап және дезинфекция жасау шарт. Алайда мәселе тек мұнымен шектелмейді. Олай дейтініміз, адамзат тарихы эпидемиялармен тығыз байланысты.

Тарихқа көз салсақ, біздің үйреншікті «карантин» деген сөзіміз итальянша «quaantia» (куаранта) деген сөзден шыққан. Және ол «қырық» деген санды білдіреді. Оның тарихы былай.

XIV ғасырда оба ауруы бүкіл Жер шарына таралып, 200 миллиондай адамның өмірін қиғанда Италияның жағалауына келген кемелер мемлекетке кіру үшін 40 күн 4 километрдей қашықтықта тұруға мәжбүр болған. 40 күннен кейін кеме бортына сол заманның дәрігерлері

көтеріліп, кемедегі барлық адамдарды тексеруден өткізген. Елге кіруге тек саулар ғана рұқсат алып, науқастардың барлығы Лазаретто деген аралға жіберілген. Осы замандағы «Лазарет» деген сөз де содан шыққан. Содан кейін де жер шарын шешек, тырысқақ сияқты көптеген эпидемиялар басып, талай адамды ажал құштырғаны белгілі. Соңғы 20 жылдың ішінде де атипиялық пневмония, доңыз тұмауы сияқты дерттердің де әлемге тарағаны белгілі. Сондықтан, эпидемияның шекарасы жоқ деген ұстаным түсінікті деп ойлаймын.

Коронавирус та – бізге таныс вирус. Бірақ бұл вирустың ерекшелігі – ол жануардан адамға мутация нәтижесінде жұғу қабілетін игерген. Яғни, вирустың өзгерген түрі. Біздің организмнің оған қарсы иммунитеті қалыптаспаған. Вирустың кеңінен тарап жатқаны сондықтан. Осыған байланысты елде төтенше жағдай жарияланып, бірқатар аймақ карантинге жабылды. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – сау адамдарды науқастардан ажырату. Инфекцияның адамнан адамға жұғуын тоқтатпай, оны жеңу мүмкін емес.

Осындай эпидемиялар біздің даламызда да көп болған. Аса қауіпті (оба, безгек сияқты) аурулар ел арасында тараған заманда



Жанар ШОХАЕВА,
эпидемиолог дәрігер.

ошаққа айналған Италиядағы жағдайға жасаған сараптамаларға зер салсақ. Профессор Марина Делла Джуста итальяндықтардың өмір салты пандемияның кең тарауына әсер етті деп жазды. Халықтың сауықшылығын, тактильді, яғни жанасу мәдениетін сынады. «Адамдардың бір-бірімен өте жақын араласып, құшақтасып, сүйісіп амандасуы да вирустың таралу ауқымын кеңейтті» дейді.

Израильде пандемия кезінде өткен үкіметке қарсы бейбіт шерудің бейнежазбасы желіде жүр. Екі мыңнан астам адам Тель-Авив көшелеріне масканын шығып, 2 метр арақашықтықты сақтап, талаптарын қоюда. Арақашықтық талабын бұзып, өзіне белгіленген шеңберден шығып кеткен бір адам жоқ. Бұл тәртіп пе әлде халықтың менталитеті ме?

Төтенше жағдай және карантин режимінде өмір сүріп жатқанымызға бірталай уақыт болды. Әрине, мұндай жағдайды бұрын-соңды бастан өткермегенін қиындықтар, түсініспеушіліктер көп кездесуде. Вирус қауіп туралы шынайы ақпарат та жеткілікті. Бірақ, «өзімді де, өзгені де сақтау үшін өзім ғана жауаптымын» деген ойға тоқтағандар тым көп емес.

Қай елден сабақ алғанымыз абзал?

М.МЕРЕЙ.

«ІНДЕТ ЕШКІМДІ АЯМАЙДЫ»

Жаңақорған ауданаралық ауруханасының бас мейірбикесі Тұрғаш Дәневановтың жұмыстан үйіне қайтпағанына бір айдан астам уақыт болды. Жолдасы мен балаларын қатты сағынғанмен, амал жоқ. Ауданда коронавирус инфекциясын жұқтырудың алғашқы дерегі анықталған күннен бастап ол өзге әріптестерімен бірге күні-түні тынбай жұмыс істеп жүр. Өйткені бұрын-соңды тәжірибеде кездеспеген аурумен күресу оңай емес.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».



– Маған медицина қызметкерлерінің сақтық шараларын бұлжытпай орындауын, арнайы киімдермен, басқа да қажеттіліктермен уақытылы қамтылуын қадағалау, ас-ауқатын ұйымдастыру мәселелері жүктелген. Сондықтан үй бетін көрмей жұмыс істеуге тура келеді. Ол үшін өкінбеймін, өйткені отбасымызға ауруды жеңіп оралсақ, сол – үлкен олжа, – дейді кейіпкеріміз.

Әлемді әлекке салған індет, әсіресе, оңтүстіктегі екі ауданда – Шиелі мен Жаңақорғанда кең тарағаны белгілі. Жаңақорған бойынша вирус жұқтырғандар жұқпалы аурулар ауруханасында, олармен қарым-қатынаста

болғандар «Жаңақорған» шипажайында жатыр. Бас мейірбике карантиндік стационар ретінде уақытша пайдалануға берілген шипажайдың төсек-орны жайлы, тамағы дәмді екенін айтады. Жергілікті әкімдік, кәсіпкерлер мен еріктілердің көмегі арқасында медицина қызметкерлері керек-жарактан тапшылық көріп отырған жоқ. Көпбалалы отбасыларға Назарбаев университеті қауымдастығының әлеуметтік даму қоры ноутбук табыс етсе, қайырымды жандар азық-түлік үлестірді.

Одан бөлек, індетпен күрестегі жанқиярлық енбегі үшін ақхалаттыларға үстемеақы берілуде. Тұрғаш Дәнева бұл дер кезіндегі қолдау болды деп есептейді. Медицина қызметкерлері сол үшін дән риза.

– Қолымызға еселенген жалақы тигенде беріміз қатты қуандық. Енбегімізді елеусіз қалдырмағаны үшін Президентке, Үкіметке, Денсаулық сақтау министрлігіне, сондай-ақ, аудан әкімдігіне алғыс білдіреміз, – дейді осы салада отыз жылға жуық тәжірибесі бар білікті маман.

Ауруды ауыздықтауға атсалысып келе жатқандар арасында дәрігер Ақерке Дайрабаева, инфекционист Мерей Жұмаш, фельдшер Мәди Исаев, мейірбике Тілектес Салыбековалар бар. Кейіпкеріміз әріптестерінің енбегін ерекше бағалайды және олармен мақтанады.

– Тезірек қауіптің беті қайтса, науқастар аман-есен үйлеріне оралса, аурудың таралуына бөгет болсақ, бізге бұдан асқан мәртебе жоқ. Індет ешкімді аямайды, тұрғындар осыны түсінсе екен, – дейді бас мейірбике.

БІРДІҢ ҚАТЕЛІГІ КӨПКЕ САЛМАҚ БОЛМАСЫН

Елге төтенше жағдай енгізілгенді Тұңғыш Президент саябағы маңынан оны көп көретіміз. Дұрысы, сондағы тосқауыл бекетінен көреміз. Үзбей көретіміз: мен де журналистік қызметпен өз жұмыс орныма жақын осы жерге жиі ат шалдыруға тура келеді. Сәуір басталғалы бір блок-бекеттен табан аудармай, кезекшілігін үзбей атқарған аға лейтенанттың жасы да мен қатарлы болар.

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы».



Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.

Көктем басталғалы біздің Қызылорданың азынаған шаңды желі кім-кімнің де ажарын кетірірі белгілі ғой. Әсіресе, үнемі сыртта жүрсеңіз. Оның үстіне тұмшаланған тұмалдылық бәрімізге көктем иісін толық сездірмей тұр. Бағаналы менің сырттай бақылауымдағы сакшы жігіттің өзі де посттағы қарбаластан қолы сәл қалт етсе, жақын маңдағы саябаққа еміне қарайтыны бар. Күн жылынғалы көктей бастаған тал-шыбық оны да әлдебір үмітке жетелейтіндей. Иә, жүзі әбден күн астында қарауытқан сакшы жігіттің де карантин жағдайын құптамайтыны һәм қаламайтыны анық еді. Аман қанша, төтенше кезіндегі оның міндеті – қоғам қауіпсіздігін қадағалау.

Аға лейтенанттың аты-жөні – Әлібек Ержанов. 28 жаста екен. Облыстық полиция департаментіне қарасты көші-қон басқармасының взвод инспекторы. Өке жолын жалғастырушы. Өйткені оның әкесі Базарбай Жалағашта 32 жыл құқық қорғау қызметінде болған. Әлібектің өзі де отбасылы. Кішкентай бүлдіршінің әкесі. Посттағы қарбалас уақытында қасында жүріп, алғашқы таныстықтағы кейіпкеріміз жайлы қысқаша осы ғана.

– Әскери борышымыз Талдықорғандағы десанттық шабуылдаушылар қатарында өтедім. Одан оралысымен осы құқық қорғау саласына қызметке келдім. Әскерге дейін қаладағы заң гуманитарлық колледжін бітіргенмін, – дейді Әлібек бізбен әңгіме барысында.

Мұндағы тосқауыл бекетінде күндізгі 12 сағат бойы бес қызметкер өтушілерді қадағаласа, түнгі ауысымда да дәл осындай. Мелбике қыздар дене қызуын өлшеп, зыр жүгірсе, әскерилер мен сакшылар

көлік пен жүргізушілердің құжаттарын, жүк машиналарының сыртқы қорабын жігі тексеріп тұр.

– Әдепкі уақытта халық та, біз де қиналдық. Карантин тәртібіне түсінбестік танытағындар жетерлік болды. Барынша сабырмен түсіндіру жұмыстары жүргізілетін. Тәртіп керектігін, үйден шығуға болмайтынын айттық, осылай індетке тосқауыл болуға міндетімізді адал атқарып келеміз. Барлық әріптестерім блок-посттарда жүйкеге тиер небір сөздер естисе де, осы қызметтің өзіндік тәртібінен ауытқымады. Қазір ол жағдайлар қалыңа түсті. Бүгінде тұрғындар тарапынан да көп алғыс естіп жатырмыз. Біз халыққа қызмет ету жолынан таймаймыз, – дейді аға лейтенант Әлібек.

Расымен, карантин кезі көп жағдайдың басын ашып берді. Мұғалім мен дәрігерді сынаудан алдына жан салмайтын бәзбіреулер өз ойынан лезде айнып шыға келді. Полиция қызметкеріне де солай. Қазіргі жағдай қоғамның танымын өзгерте бастады.

Әлібекпен аз-маз сөйлесіп, қоштасқан соң ол посттағы қарбалас ішіне еніп кетті, мен де жұмыс орныма оралдым. Олар жайлы көзқарас туралы ұзақ ойландым. Бүгінгі төтенше жағдай кезінде өздеріне бұрынғы міндетінен екі есе жауапкершілік артқан құқық қорғау қызметкерлерінен бөлек, басқа да мамандық иелеріне (ұстаз, дәрігер, т.б.) алғыстан басқа не айтуға болады?! Қысқасы, елге сындарлы сәт туғанда жан-тәнімен қызмет еткен жандарды қалай бағалау керектігін уақыт өзі дәлелдеп бергендей.

КАРАНТИН: ҚАЙ ЕЛДЕН САБАҚ АЛҒАНЫМЫЗ АБЗАЛ?

Бізде «егер мен ауру таратушы болсам, кездескен адамдарға жағдайы-ау» деген жауапкершілік әлі де жетіспейді. Оқшаулану арқылы өзін, отбасын қорғайтынын жете түсінбейді. Бір адамның тәртіпке бас имегенінің, талаптарды жиып қойып, өз білгенімен жүргенінің соңы қаншама жанды физикалық, моральдық қиындықтарға ұшыратты. Пандемияның таралу ауқымы туралы ақпараттарға сенбей, өзімбілемдік салыну кездеседі. Түптің түбінде ауру жұқтыру-жұқтырмау адамның өзіне, тек өзіне байланысты екенін түсінетін уақыт жетті. Төменде әлем елдерінің пандемия кезіндегі карантин талаптарын орындауына, жауапкершілік ұғымына қалай қарайтынына талдау жасап көрейік.

Аурудың ошағы саналатын Кытайдағы халық саны бәрімізге белгілі. Қатаң карантин шараларын енгізген бұл ел ауру жұқтырғандар санын 100 мың адамға шаққанда 5,85-ке дейін шектей алды. Сырттан келген жолаушыларды арнайы орындарға орналастырды. Жазылып шыққандарды қайтадан тексеруден өткізді. Салыстыру үшін айтсақ, карантинді кеш жариялаған Ұлыбританияда бұл көрсеткіш 35 есе, Испанияда 81 есе көп.

Талаптарды бұзу оны сақтамаған адамға ғана зиянын тигізіп 1-бет.

қоймайды. Симптомдары байқалмайтын таратушы көшедегі кез келген жүргінші үшін қауіпті. Сондықтан үйден шығаруда осыны ойлану керек. Карантин аурудың таралуын тұсаулау үшін тиімді қадам болғандықтан, ережеге бағыну маңызды. Бағынбағандарға қолданылатын шаралар туралы айтсақ, АҚШ-та міндетті оқшаулану тәртібіне мойынсұнбай, басқаларға жұқтырған адамға 100 мың доллар айыппұл немесе 1 жыл түрме жазасы белгіленген. Испанияда үйінен себепсіз шыққандар төлейтін айыппұл сомасы 600-ден 10,4 мың еуроға дейін. Мұндай айыппұлдар Италияда, Францияда, Ұлыбританияда да бар. Ең ауыр жаза – Қытайда. Егер адам өз диагнозын біле тұрып, қоғамдық орындарға барса, оған өлім жазасы кесіледі.

Көптеген мемлекеттерде инфекцияның таралуына тосқауыл болып отырған бір фактор бар. Ол – жоғары әлеуметтік жауапкершілік. Мәселен, шведтер ресми түрде оқшаулану тәртібі енгізілмесе де, әлеуметтік арақашықтықты сақтайды және тәртіпке бағынады. Көлік компаниясының мәліметіне қарағанда Стокгольм метросында қолаушы тасқыны 2 есеге дейін азайған. Көптеген театрлар мен кинотеатрлар өз еркімен жабылған.

Кореяда ауру жұқтырған адам саны 100-ге жетпей-ақ

жұртшылық маска тағып, қолғап киіп, арақашықтық сақтай бастады. Мұндағы өлім көрсеткішін басқа елдермен салыстырғанда өте төмен деп бағалауға болады. Ауру жұқтырған адамның кіммен байланыста болғаны жігі зерттелді. Детектив сериалдардағыдай билік пен полиция бірігіп жұмыс істеді. Меганполистер арасында Сеулдің ауру ең аз тараған қала болуы бекер емес. Қала карантинге жабылмаған, мектептер мен мейрамханалар жұмысын тоқтатпаған. Бірақ столдардың арасы көрінетін материалмен қалқаланып, әр келушіден кейін залалсыздандырылады.

Немістер пандемия еліне жетпей тұрып, қантар айында тест дайындап қойды. Жалпы Берлин эпидемияға дайын болған қалалардың көш басында тұр. Тестілеуден ауру табылған адаммен қатынаста болғандардың барлығы өткізілді. Супермаркеттерге адамдар кезекпен кіруге, арақашықтық сақтауға дағдыланды. Қазір билік карантин шараларын жеңілдете бастағанмен, маска тағуды міндеттеп отыр.

АҚШ-та әр штат өз еркімен шектеу шараларын енгізді. Көлік қатынасы тоқтамады. Тек түнгі рейстер жолаушылардың аздығына байланысты азайды. Карантин енгізілген штаттарда адамдар үйден шығу үшін салмақты себебі болу керек.

Енді Еуропадағы ең қауіпті

ӨТПЕЛІ ӨЗГЕРІСТЕР

Облыс орталығында қоғамдық көліктер қозғала бастады. Бүтінде қала бойынша 5 бағытқа «Қызылорда автобус паркінен» 10 автобус қойылса, жекелер есебінен 40 автобус жолаушылар тасымалын ұйымдастырып келеді. Олар күнүзак жүрмейді, таңертеңгі 6.00-9.00 аралығында және кешкі сағат 18.00-ден 20.00-ге дейін орталық бағыттарда жұмыс істейді. Айта кетейік, әрбір бағытта 2-3 автобустан ғана жүргізілуде.

Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы».

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕР ҚОЗҒАЛЫСТА

— Біз шектеу бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Бұған дейін қоғамдық көлікке тыйым салынғанда қызметкерлеріміздің барлығын ақысыз демалысқа шығарған едік. Қазір шектеу аясында бірқатар қызметкерлеріміз саяхат шараларын қолданып, жұмысқа кірісті. Бағыт бригадирлері мен жүргізушілерге тек шектеулі уақытпен жүру қатаң ескертілді. Десе де, өз қаражатын өзі табатын коммерциялық ұйым болған соң, қосымша шығындарды ұлғайтып отыр. Елмен бірге көреміз деген ұғыммен қауіпті вируспен күресте аянып қалмаймыз. Бастысы — осы, — дейді «Қызылорда автобус паркі» ЖШС директорының орынбасары Канат Рахметов.

Айта кетейік, мекеме тарапынан медицина қызметкерлеріне арнаулы көлік бөлінген. Одан бөлек, қызметкерлерін тасымалдау үшін аймақта бірқатар мекеме автобус паркінің қызметін тұтынып отыр. Директор орынбасарының айтуынша, ақысыз демалысқа шыққан басқа отандастарымыз алған ең төменгі жалақы мөлшеріндегі көмек бұл мекеме қызметкерлеріне берілмейді екен. Заң бойынша солай. Әйткенмен, қызметшілерді қиын жағдайда қолдауды ұмыт қалдырмаған автобус паркі барлығына көмек қаражатты өз есебінен төлеп отыр. Ал өңірдегі қайырымдылық шараларына белсене қатысатыны белгілі.

ӘУЕ ҚАТЫНАСЫ ЖАНДАНУДА

Президент жанындағы төтенше жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның шешіміне сәйкес, 1 мамырдан бастап Нұр-Сұлтан мен Алматы қалалары арасында әуе қатынасы қайта жанданғаны белгілі. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мұрат Тлеумбетов төтенше жағдай кезінде әуе рейстерін қайта қалпына келтіру тәртібі туралы баяндады.

Сонымен бірге 6 мамырдан Қызылорда-Нұр-Сұлтан бағыты бойынша рейстерді «Қазақ Эйр» әуе компаниясы жиілігі аптасына 3 рет орындайды. (дүйсенбі, сәрсенбі және сенбі күндері). Ұшу кестесін әуе компаниясының ресми сайтынан көруге болады. Билеттер онлайн сатылымға шығарылды.

Ал, Қызылорда-Алматы бағыты бойынша ұшу кестесі мен орындайтын әуе компаниясы құзырлы министрлік тарапынан нақтылануда. Нәтижесі қосымша хабарланады.

Барлық ұшулар Қазақстан Республикасының көлігіне бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №3 қаулысы талаптарының қатаң сақталуымен орындалатын болады.

Жолаушыларға сапарға шығу үшін төмендегідей ережелерді сақтау міндеттелген: Теріс нәтижесі бар COVID-19 тесті (ПТР-тестін) тапсырғандығы

туралы анықтаманың болуы (анықтама берілген күннен бастап 7 күнтізбелік күн ішінде жасалды). COVID-19 тестіні (ПТР-тестін) қолында әуе билеті болған жағдайда ғана Ұлттық сараптама орталығында ақылы түрде тапсыруға болады.

Сараптама орталығы Қызылорда қаласы, Бектурғанов көшесі 10 А мекен жайда орналасқан. Байланыс тел: 70 10 63. Тест құны — 11 500 теңге, нәтижелердің дайын болу мерзімі — 12 сағат. Тестілеуге қатысты қосымша ақпаратты орталықтың байланыс нөмірлері арқылы алуға болады.

Тіркесуден өту үшін әуежайға ұшудан кемінде 2 сағат бұрын келу керек. Әуежайға келгеннен кейін барлық жолаушылар термометрия процедурасынан өтеді. Әуежай ғимаратына тек ұшатын жолаушылар ғана жіберіледі. Сондай-ақ, жолаушыларды тіркеу, ұшаққа отырғызу/түсіру кезінде қауіпсіз әлеуметтік ара-қатынастың сақталуы қажет (1 метр).

Ұшу барысында жеке қорғаныс құралдарын (маска, қолғап) пайдалану, қол жүгі мен бағажды аз көлемде болуы талап етіледі. Олардың көлемі мен салмағын әуе компаниясы белгілейді. Ұшу барысында борт-серіктер ұсынған сауалнаманы (анкета) толтыру керек.

Сонымен қатар, әуежайға қатынайтын арнайы автобус бағыты ұйымдастырылған.

«СБ» ақпарат.

ЕШКІМ ДЕ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

«Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды». Қан майданда қарша бораған оқ пен оттың ортасында болған майдангерлерге облыстық ардагерлер кеңесі құрмет көрсетті. Қызылорда қаласында көзі тірі 8 ардагер бар. Кеңес төрағасы Серік Дүйсенбаев бастаған азаматтар олардың әрбірінің шаңырағына барып, сый-сыяпат табыстады.

Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы».



Ардагерлер кеңесі алғашқы қадамды Қожахмет Бектан ақсақалдың шаңырағынан бастады. Майдан даласына 20 жасында аттанған ол бүгінде 98 жаста. Алла берген 10 баладан 32 немере, 8 шөбере көріп отыр. Шөберенің қолынан су ішкен қария әскери жолын Өзбекстанның Самарқан қаласында бастады. Берілген тапсырманы бұлжытпай, тыңғылықты орындауымен көзге түскен сарбаз әскерде қатарының алды болды. Украина, Белоруссия, Венгрия мемлекеттерін жау қолынан азат етуге қа-

тысып, ерлік көрсетті. Ол қашықтан ататын қару арқылы фашистердің талай танкісін, ұшақтарын сұлатып түсірді.

Ал Қызылорда қаласынан әскер қатарына алынған Әдірахман Бәйітқов 1942 жылы Ашхабадтағы командирлер дайындайтын курсқа қабылданады. Оқу аяқтамастан майдан шебіне кеткен ол 1943 жылы Курсктегі шайқаста ауыр жаракат алып, туған жерге II топ мүгедегі болып қайтты. Иә, ол соғысқа кеткенде небәрі 18 жасқа толар-толмас кезі еді. Жасы жырмаға жетпей, мү-

гедек атанды. Ардагерлер кеңесіндегілер қарияның хал-жағдайын сұрап, мұң-мұқтажына қанықты.

— Қорқыныш болмады. Ненің не екенін енді ұғына бастаған кез ғой. Алды-артымызға қарамай, соғысқа кеттік. Біздің бала күніміз де бал дәмді деп айта алмаймын. Ел басындағы қиын кезеңдердің бәрін көрдік. Бүгінгі ұрпақ ол күндерді көрмесе деп тілейміз. Бір үйді баласынан, бір үйді әкесінен айырып қатыгес соғыс қой ол. Қазір құлақ естімейді. Бар ойлайтынымыз — балалар. Солар аман болсын, болашағы жарқын болсын, — дейді қарт жауынгер.

Төлеген Жүнісов — салмағы бес келілік танк минасын талай танкке, одан қалды ұшақтарға лақтырған қарт жауынгер. Қазір абыз жасына жетіп, ұрпағының амандығына тілекші болып отыр. Ардагерлер кеңесінің өкілдері майдан даласында ерлігі ұшан-теңіз Любовь Колесник, Бөрібай Құлманұлы, Әдірахман Әбішев, Мақсұт Сырғалиев, Әдірауық Са-тыбалдиевтердің шаңырағында болып, мерекеге арналған сый-сыяпаттарын табыстады.

— Біздің мақсатымыз — оларға құрмет көрсету. Мерекемен құттықтап, сый-құрмет жасағанымыз — ерлікке тағзым. Біз үшін басын қатерге тігіп, кейінгі ұрпақ қамымен қарша бораған оққа кеудесін тосқан батырларды бұдан да зор етіп құрметтеп, арнайы шара ұйымдастырамыз. Бірақ, мына уақытқа тап келгені. Сондықтан, олар елеусіз қалмасын деген ниетпен жүрміз, — деді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев.

Сурет автордыкі.



ҚАЙТАЛАНБАС ТҮЛҒА

Өткен жылы Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының құрылғанына 80 жыл толды. Осы институтпен бірге жасасқан, дамуына өз үлесін толықтай қосқан Орынбек Төресев ағамыздың өмірден өткеніне де бір жыл толып қалды. Ол биыл 90 жасқа келер еді. Ел арасында Орекен аталып кеткен, өз бойына ғана тән ерекше мінезді адал адам болатын. Сыр бойында Қорқыт ата жатқан киелі елде туып, жасынан Сыр сұлейлерінің нақыл сөздерін бойына сіңіріп өскен Орекеннің өмірдегі және ғылымдағы ұстанымы көпшілікке ой салып, қайсыбірімізді таңғалдыратын.

Институттың айрықша даму кезеңі жас маман Орекеннің еңбек жолының басталуымен тұспа-тұс келді. Міне, содан бері оның осы бір ғана институт қабырғасында суармалы егіншіліктің ғылыми негізін қалыптастырудағы еңбегі ауылшаруашылық саласын дамытуда ерекше орын алды. Атап айтсақ, суармалы егіншіліктің басты дақылдары — күздік бидайдың, кант қызылшасының, жүгерінің, жоңышқаның ауыспалы егіс жүйесіндегі жоғары өнім алу технологиясы жасақталды. Ауыспалы егіс жүйесі бойынша да шаруашылық жағдайына байланысты бірнеше экономикалық тиімді жобалар ұсынылды. Осы технологиялар тізбегі кейінгі заман талабына сай органикалық таза өнім өндіру бағытымен сәйкестендірілді. Ешқандай химиялық заттар, минералды тыңайтқыштар, арамшөптерге, зиянкестерге, ауруларға қарсы улы заттарды қолданбай табиғи таза өнім өндіру мүмкіндігі ұзақ мерзімді зерттеулер нәтижесінде анықталды. Осы жағдайда «жасыл тыңайтқыштарды» раис, қыша, түйежоңышқа, асбұршақ тәрізді өсімдіктердің жасыл балуасын топыраққа сіңіру, сонанмен қатар көпжылдық жоңышқаны ауыспалы егіс жүйесінде кеңінен пайдалану — органикалық таза өнім өндірудің негізі және топырақ құнарлығын сақтаудың көзі екені анықталды.

Орекен негізін қалаған ұзақ

мерзімді зерттеу алаңы (ғылыми стационар) институттың бетке-ұстар, көрнекті, егіншілік мәдениеті өте жоғары объектісінің бірі болды. Осы жерде кезінде оңтүстік өңірде кең таралған күздік бидайдың жана «Қарлығаш» сортынан гектарына 115 центнерден рекордты өнім жиналды. Республика басшылары, ауылшаруашылық қызметкерлері, шетелдік делегациялар әрдайым тәжірибелік жұмыстар атқарып жүрген алаңды тамашалап, басқаларға үлгі етті.

Ол ұзақ жылдар бойы диссертациялық кеңестің хатшысы болды. Жоғары талаптың арқасында жүздеген кандидаттық және докторлық жұмыстар қорғалып, бәрі бекітіліп, ғылыми кадрлар дайындауға қомақты үлесін қосты. Әрине, ауылшаруашылық сала-

сында ғылыми жоспар құру және оны атқару тек бір ғана жеке адамның ісі емес. Ол өзімен қызығатас болған және қатар өскен атақты ғалымдармен әрқашан тығыз байланыста болды. Атап айтсақ, М.Ерлеспесов, Е.Амантаев, І.Әбуғалиев, В.Жигайлов, Б.Басыбеков, М.Рубенштейн, Е.Зенкова, Р.Оразалиев, А.Иорганский, С.Раманова, Б.Сариев, А.Пақ, К.Балғабеков, М.Сүлейменов, Е.Ярбинова, Д.Сыдық, Ж.Қожабаев, Г.Мейірман, тағы басқалары ғылыми орта құрады.

Институттың кейінгі ғалымдар бұны А.Агеевко, Ж.Оспанбаев, Ш.Бастаубаева, М.Бекбатыров, А.Хидиров Орекен қол жеткізген зерттеулердің нәтижелерін жана дәліл және сандық технологиялармен тыңшылап суару негізінде одан әрі жалғастырып, заманауи үлгідегі егіншілік жүйесін қалыптастыруға атсалысуда.

Алматы қаласының іргесінде орналасқан ғылыми қалашықтың көрнекті ағым азаматы Орекен өзіне де, басқаға да талап қоя білген. Оның негізі — шынайылық және еңбекорысқан. Осындай көпшілікке үлгі болатын қасиеттер осы әулетке де тән болуы керек. Оның ағасы Қонысбек Қазантөев та — Сыр өңірінің ардақтысы, елге еңбегі сіңген парасатты тұлға болған адам.

Орекеннің бәбісінің бүгінде тоқсан жасты ақылдап қалған, жоғары оқу орнында ұстаздық қызмет атқарған, ауылымдағы кадрлардың бірі. Балалары Гүлмира, Қаныш, Әлия — жоғары білімді, әкенің еңбек жолын жалғастырып жүрген азаматтар.

Әзәра әңгімеде Орекеннің ерекше мінездерін, әріптестеріне талап қоя білуін, атқарған еңбегінің қорытындысын әрдайым еске алып отырамыз. Ұжымдағы оның орны толай тұрады. Институт тарихында оны ерекше, ол туралы әлі де жазыла жатар.

Г.МЕЙІРМАН,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА академигі.

ЛЕНИНГРАД БЛОКАДАСЫНЫҢ КУӘГЕРІ

Соғыс өзінің сұмдықтарын бүтінгі күнге дейін ұмыттырар емес. Әлі күнге дейін табылып жатқан белгісіз солдат қабірлері мен ата-ағаларының жерленген жері туралы хабар алып жатқан біздің замандастарымыз оған куә. Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 75 жыл болса да, сол жылдар жаңғырығы адамзат жүрегіне.



каласының маңында қатысқан. Ленинградқа (қазіргі Санкт-Петербург) дейін келіп, 1941 жылдың қыркүйегінен Ленинград қаласын жаудан қорғауға қатысқан. Ленинград блокадасын өз көзімен көрген. Сол жерде 1941-1943 жылдар аралығында болған.

Ленинград тұрғындарының берілмес қайсарлығын, өмірге деген құлшынысын, жалпы жеңіске деген сенімін өз көзімен көрген жауынгерлердің бірі. «Ол өте ауыр кезең еді ғой, фашистер ұшақпен бомбалап, ірі колибрілі пушқалардан қашықтан атып, қаланы басып алуға қанша тырысса да, қоршауда қалған халық сонда да қаланы жауға берген жоқ, олар біздің әскери батальондармен бірдей соғысып, жауды кіргізбеуге бар күшін салды» деп отыратын. Ал 1943 жылдың наурызынан бастап, 1-Балтық әскерінің қатарында Балтық жағалауындағы Рига, Каунас, Даугавпилс және басқа қалаларын жаудан азат етуге қатысқан. 1944 жылы Висла өзенінен өтіп, Одра өзенінің шығыс жағына келгенде, әкемді басқа әскери бөлімге ауыстырады. Ол соғысты Берлиннің батыс жағындағы Потсдам қаласының маңында аяқтайды. Елге 1946 жылдың тамызында төртінші рет болған демобили-

зациядан кейін келген.

Соғыста жүріп бірнеше марапатқа да ие болған. Әкемің ерлігі үшін алған орден-медальдары мен соғыстан кейін алған «Ұлы Отан соғысы» II дәрежелі ордені, «Ұлы Отан соғысының ардагері» төбелгісі, Жеңістің әрбір мерейтойларына арнап шығарылған медальдары үйде сақтаулы. Сол кезегі соғыстан аман келген әрбір азамат сияқты менің әкем де шаруашылықты көтеруге белсене араласқан, тек соғыс ардагері ғана емес, еңбек ардагері болып зейнетке шықты.

Жалпы, әкем соғыс туралы айтқанды ұнатпайтын. Фильмдер, деректі фильмдер көргенде «расында да, осындай болып еді ғой» деп күрсінетін. Өзі үнемі кітап оқып, оқыған кітаптарына талдау жасайтын.

«Соғыстың 1418 күні (орысша) жинағын, Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуковтің «Бас штаб соғыс жылдарында» деген жинағын оқып, өзінің де жүріп өткен жерлері туралы жазылған мәліметтерді қарастыратын. Мектеп, мекемелерге кездесулерге барғанда естелік қана айтып қоймай, бейбіт күнді бағалауды, оны сақтауды насихаттайтын. Бейбіт кездердегі бүгінгі өмірде қоғамымыздың белсенді мүшесі болған әкем — мен үшін де, барлық ұл-қыздары, немерелері үшін де үлгі. Балалары мен немерелерінің барлығын күшкентай күнінен еңбекке баулып, адал болуға, кітап оқуға тәрбиелеуден шаршаған емес.

Менің ойымша, соғысқа қатысқан, жауды жеңуге, осы күнгі бейбіт өмірді бір сәтке болса да жақындатуға өз үлесін қосқан үлкен-кішінің барлығы Батыр деуге лайықты. Ол ерқашан біздің жүрегімізде ерлік пен еңбектің, табандылық пен әділдіктің үлгісі болып қалары сөзсіз.

Ильмира
ӨМІРТАЙҚЫЗЫ.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы, облыстық қоғамдық және ардагерлер кеңесі ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Мархабат Жайымбетұлы Жайымбетовке ағасы

Бұхарбаев Қайрат Бөріқожаұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Жайымбетов Мархабат Жайымбетұлына ағасы

Қайрат Бөріқожаұлы Бұхарбаевтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің ұжымы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Мархабат Жайымбетовке ағасы

Қайрат Бөріқожаұлы Бұхарбаевтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Мархабат Жайымбетовке ағасы

«Мемқалақұрылыскадастры» РМҚ ұжымы Мархабат Жайымбетұлы Жайымбетовке ағасы

Қайрат Бөріқожаұлы Бұхарбаевтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведом-

стводан тыс сараптама» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік қоспаның («Мемсараптама» РМҚ) ұжымы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Мархабат Жайымбетұлы Жайымбетовке ағасы

Қайрат Бөріқожаұлы Бұхарбаевтың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің ұжымы

Қайрат Бөріқожаұлы Бұхарбаевтың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты Жайымбетовтер әулетіне қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің және «Қорқыт-Ата» әуежайы» акционерлік қоғамының ұжымы

Қайрат Бөріқожаұлы Бұхарбаевтың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты Жайымбетовтер әулетіне қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің ұжымы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Мархабат Жайымбетұлы Жайымбетовке ағасы

Қайрат Бөріқожаұлы Бұхарбаевтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда қаласының №2 сотының ұжымы Қазалы аудандық сотының судьясы Тиштикбаева Гульнара Ауларғарнаға

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қорқыт Ата» әуежайынан Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларына тұрақты әуе рейстердің орындалуы

АЛГОРИТМІ

ҰШЫП КЕТУ

Әуе билеттерді онлайн немесе билеттерді сату орындарында сатып алу

Ұлттық сараптама орталығында әуе билеті болған жағдайда COVID-19 тестін тапсыру (ПТР-тесті)

«Қызылорда қаласы, Бектурғанов көшесі 10 А, тел: 8 (7242) 70 10 63
-тест құны - 11 500 теңге
-нәтижелердің дайын болуы - 12 сағат

Әуе рейстердегі жолаушылар үшін келесі ережелерді сақтау қажет:

- тіркеу үшін әуежайға алдын-ала келу (ұшудан 2 сағат бұрын)
- COVID-19 (ПТР-тесті) теріс нәтижесі бар анықтаманың болуы
- термометрия процедурасынан өту
- қол жүгі мен бағажды анықталды көлемі
- ұшу кезінде жеке қорғаныс құралдарын пайдалану
- ұшу кезінде сауалнаманы толтыру
- ұшақ салонында қоғалысты шектеу

Термометрия процедурасынан өту

Бағажды алу

Қалалық маршрут автобусымен тасымалдау (ақылы негізде)

Қала қонақтары үшін Қызылорда қаласында 50 орынға дейінгі қонақ үйіне орналасуға мүмкіндігі жасалынған



**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында тарихи мұраларымызды кеңінен насихаттау мәселесіне ерекше мән берілген. Әсіресе, ұлттың терең тарихынан бастау алатын мәдени-рухани құндылықтарды сақтай отырып, оны өскелең ұрпаққа жеткізуге айрықша ден қойылған.

Sb Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы».

Ұлт дәстүрінің жанашыры



Ұлт рухын жаңғырту жолындағы мақалада «Егер жаңғыру ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полостерін қиыннан киыстырып, жасарта алатын күдіретімен манызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы» деп айқын көрсетілген.

Тамыры тереңнен бастау алатын ұлттық музыкалық мұраларымыздың дәріптелуіне атсалып жүрген өнерпаздар аз емес. Солардың бірі – қызылордалық кобызшы Айнуза Бегімсалова. Ол бес жасында қолына домбыра алып, мектепте домбыра сыныбын бітіреді. Он үш жасында Қазанғап атындағы музыкалық колледжде кокуға түседі. Ұстаздары Айнузаның саусағына карап, кобызды тандауға ұсыныс білдірген. Бақыт Аханованың шөкірті атанып, кобыз класын бітіріп шықты. Студент кезінде түрлі облыстық, республикалық кобызшылар байқауына қатысып, жүлделі орындарды иемденді. Кейін білімін одан әрі жетілдіру үшін Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына оқуға түсті. Елімізге белгілі кобызшы А.Қазақбаевтан дәріс алды. Академияда оқып жүріп, мемлекеттік камералық «Ақ жауын» оркестрінде жұмыс жасады. Біраз тәжірибе жинақтады. 2010 жылы туған қаласына оралды. Өзі оқыған колледжден ұсыныс түсіп, оқытушы атанды. Сонымен қатар, облыстық филармонияда қатар еңбек етіп келеді. Филармония ұжымымен бірге Ресей, Түркия, Әзербайжан және Еуропа елдерінде болып, өнер көрсетті. Кобызшы қыз шетел сахнасында өнер көрсетудің өзі үлкен жетістік екенін айтады. Себебі, әлемге кобызды, күйді таныту арқылы қазақ өнерінің, мәдениетінің биіктігі көрсетіледі.

Айнуза 2018 жылы «Қорқыт-Кобыз» республикалық байқауынан бірінші орынды еншіледі. Өнерпаздың қоржынында 20-30 шақты күй бар. Ол көбіне Қорқыттың, Ықылас пен қазіргі заман композиторларының шығармаларын орындайды. Кобыз аспабын арнайы Тараз қаласында тұратын Қанат

Қазақбаев деген шеберге жасады. Аспапты жасау үшін түйе терісі, жылқының құйрық қылы және тінгетіне ортекенің мүйізі қолданылады. Ағашына өрік, қарағаш пен жиде талы жарайды. Сондықтан бұл аспаптың бағасы қымбат екен.

– Сыр елі дегенде есімізге Қорқыт бабамыз түсетіні белгілі. Қобызын тартып, сайын даламызда күй шерткенде кобыз үні біразға дейін қазақ даласында кезіп, қалықтап жүреді деседі. Сол Қорқыттың бай мұрасы бізге толық жетпегені анық. Белгілі кобызшы Нышан Шәменұлы Қорқыт бабамыздың 12 күйін таспаға басып, кейінгі ұрпаққа қалдырған. Міне, асыл мұра бізге осылай жетті. Сондықтан біз дәстүрлі өнерімізді дәріптеуден қалыс қалмауымыз керек, – дейді кобызшы.

Кейіпкеріміз кобыз аспабын насихаттауда біршама кемшілік барын айтты. Өзге өңірлерде кобызшылардың мектебі жақсы қалыптасқанын жеткізді. Бізде бұл мәселелер енді қолға алынып, жүзеге асырылуда екен. Осы ретте Айнузаның әріптесі, кобызшы Токтар Ағыраев екеуі бірлесіп, біршама жұмыс аткарып жүр. Өнер жанашырлары облыс әкіміне «Сыр өңірінен кобыз үйірмесі ашылса» деген сауал жолдаған еді. Ұсыныс қолдау тауып, қазір Қызылорда қаласы мен барлық ауданында кобыз үйірмесі жұмысын бастады. Облыстың аудандық мәдениет пен клуб үйлерінде барлығы 14 кобыз үйірмесі іске қосылып, жас өрендер тәлім алуда. Тағы бір жағымды жаңалық – жыл басында «Қобызшылар» ансамблі құрылды. Бұл шаралар Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында Қорқыт ата мұраларын насихаттау, кобыздың үнін ұрпақ санасына сіңіру мақсатында жүзеге асырылды. Сонымен қатар, осы бағытта Айнуза мен Токтар «Рухани жаңғыру» орталығымен бірлесіп жұмыс жасауда. Олар мектеп оқушылармен концерт ұйымдастыруда.

Айнуза енді шәкірт дайындап, жастардың кобыз аспабына деген қызығушылығын оятып жүр. Біршама шәкірті халықаралық додаларда топ жарып та үлгерді.

Осындай дәстүрлі өнердің шынайы жанашырлары барда халықтың қазыналы мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек.

● ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ

Бірліктің бір көрінісі

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі аймақта төтенше және карантиндік жағдайда әлеуметтік желілер мен блог-платформалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, онлайн режимінде болды.

Sb Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы».

Мерекеге орай облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының белсенді мүшелері, өзбек этно-мәдени бірлестігінің төрағасы Кахар Дадашев басқарған белсенділер көпке үлгі болар іс көрсетті. Қалаға кіреберіс жерлерде орналасқан өткізу бекеттерінде болған олар полиция, әскери және медицина қызметкерлерін мерекемен құттықтап, өзбектің ұлттық тағамдарын ұсынды. Осылайша блок-посттарда жұмыс істейтін 150-ге жуық адам ыстық тамақпен қамтылды.



– Өзбек этно-мәдени бірлестігі атынан өзіміздің ұлттық тағамдарды әкелдік. Осындай қиындықта ел бірлігі, халық достығы көрінуі тиіс. Біздің сәл де болса шағын ықыласымызды осындағы тұрғындар денсаулығына алаңдап жүрген қыз-жігіттер ризашылықпен қабыл алды. Облыстық ассамблея жанынан еріктілер де көмектесіп, бес блок-бекеттерге де осындай өзбек ұлттының тағамдары жеткізілді, – дейді Манзура Абдуғафарова.

Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.

Өнер – рух тірегі, өнерпаз – оның жүрегі

карантин кезеңінде мәдениет өкілдері өз көрерменінен қол үзген жоқ

Елімізде төтенше жағдайға байланысты енгізілген карантин кезеңінде мәдениет саласының мамандары әлеуметтік желі арқылы халыққа рухани қызмет көрсетудің үлгісін танытып отыр. Себебі олар қандай жағдайда да ел-жұрттан іргесін бөлмейтін ілгершіл, ізетшіл бет-бейнесін паш етті.

Sb Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы».

Облыстық мәдениет архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен наурыз айынан бастап «Сыр шаңырағы» жобасы жолға қойылды. Бұл жобада облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы «Тау тұлға Тұрмағамбет», «Бабалар тарауы», Қармақшы мәдениеті үйі «Бабалар салған ізбенен» деп аталған айдарлармен Сыр бойында өткен батырлар, билер, жыршы-жыраулар, шайырлар жайлы әңгімелер, естеліктер, жисалар, жырлар топтамасын көпшілік назарына салды.

«Алдаспан» әдеби клубының «Сырлы сезім» айдары бойынша поэзия сағатының шығарылымы аптасына екі рет ел алдына шықты. Поэзия сағатында – Д.Аяшұлы, Ғ.Әбілда, О.Базаралиев, Т.Абылаев, Н.Бердіқожа, А.Сайлауов, Ш.Құдайбергел, т.б. танымал ақындар өз өлеңдерін ортаға салды.

Сонымен бірге, Алтын Орданың 750 жылдығы құрметіне арналған облыстық жазба айтыс ұйымдастырылды. Ұлттық құндылықтарды жинақтау және насихаттау мақсатында жүзеге асырылған «Жыр мұра» жобасы аясында Алмас Алматов пен оның шәкірттері – А.Көшеней, А.Тәңірбергенов, А.Ноғайбаева, А.Өтеуов, М.Сәрсенбаева Сыр халқына «Рухыңды көтерсін киелі жыр...» атты үндеуін жолдады. Сонымен бірге белгілі жыраулар К.Кәрібаев пен Б.Саймағанбетовтің орындауында терме-толғаулар насихатталды. 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай Қазақстанның



еңбек сіңірген қайраткері, профессор, жырау, ұстаз Алмас Алматов Нұр-Сұлтан қаласынан тікелей эфирге шығып, Сыр жұртшылығын құттықтап, «Көрғұлы» дастанынан үзінді орындады.

Шығармашылық орталық облыс көлеміндегі өнер ұжымдары мен үйірмелердің жұмыстарын да назардан тыс қалдырған жоқ. Онлайн режимінде көптеген үйірмелердің шеберлік дәрістері, сонымен бірге Әуезовтер, Садуақасовтар отбасылық ансамбльдерінің өнерлері насихатталды.

Сыр өңірі мәдениеті мен өнерінің дамуына елеулі үлес қосқан өнер майталмандары – К.Дүйсекеев, Р.Тайманов, Б.Шөкенов, Қ.Ақдәулетова сынды майталмандардың шығармашылық жолдары насихатталды.

Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы жанынан ашылған «Айтұмар» арт клубы көрерменге жол тартты.

Қармақшы аудандық мәдениет үйі жанындағы «Бестің шәйі» еркін пішіндегі

сұхбат бағдарламасы көпшілік көңілінен шықты.

Карантин кезеңінде Сырдария ауданының «Менің биім – әдемілік әлемім» атты бишілер конкурсы, қармақшылық жыршы-жыраулардың, шиелілік белгілі әнші Ә.Ноғайбаевтың жеке шығарымдары, жаңақорғандықтардың «Айтыс-батл» жазба айтысы, «Әжем айтқан ертегі» жобасы, Аралдың «Аралым – айдын шалқарым» атты жыршы-термешілер концерті мен Аманөткел халық театрының қойылымдары және Қазалы, Жалағаш халық аспаптар оркестрінің онлайн концерттері сәтті көрсетілді.

Биыл Ұлы Жеңіске 75 жыл толып отыр. Халық арасында Отан үшін от кешкен майдангер әкелеріміздің елге деген сағынышын жырмен жеткізген хаттар жетерлік. Осыған орай, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы М.Абуова мамыр айының 7-9 аралығында «Майданнан хат» атты жыршы-термешілердің облыстық фестивалін өткізу жоспары барын білдірді.

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық конкурсының ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырмасымен жүзеге асырылатын «Аймақта мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру» мемлекеттік әлеуметтік жобасы аясында «Туған жер» қоғамдық қозғалысы» қамқастығы мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, қазақтілді контентті арттыру және мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық конкурсын өткізеді.

Конкурс үш номинациядан тұрады: 1) «Үздік мақала»; 2) «Үздік телебағдарлама»; 3) «Үздік сайт мақаласы». Конкурсқа мемлекеттік тілді дамыту, насихаттау, оның қолданыс аясын арттыру бойынша БАҚ-та және интернет-сайттарға материалдар жариялаған журналистер қатыса алады. Алдыңғы конкурстарда жеңімпаз болып танылған журналистер қатыстырылмайды. Үш номинацияның біреуі бойынша конкурсқа қатысу үшін **2020 жылғы 22 мамырға дейін** kztlbas@mail.ru, tuqan.zhet@mail.ru электронды пошталарына маңызды құжаттар жолдануы тиіс:

1) өтінім (Ережеге сәйкес қосымша нысан) копиясы; 2) жеке куәліктің копиясы; 3) **2019 жылғы 11 маусым мен 2020 жылғы 20 мамыр аралығында** бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген **екі мақсалады**, сонымен бірге телебағдарламалары, сайттардағы және мерзімдік баспасөздегі жарияланған мақалалары;

4) мақала жарияланған газет-журналдар копиясы, сайттардың скриншоттары, телебағдарламалардың жазбасы, мақалаларының «Word» форматындағы электрондық нұсқалары (*соннан қалтар*, байқауға ұсынылған материалдардың түпнұсқаларын мына мекен-жайға 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, №1 құрылыс, Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы, №316-кабинет, «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық байқауна» деген белгімен жолдау қажет).

Көрсетілген мерзімнен кейін ұсынылған өтінімдер конкурсқа қатыстырылмайды.

Басқармаға ұсынылған құжаттар кері қайтарылмайды.

Конкурсқа қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамы тіл мен әдебиет, журналистика салаларының білікті мамандарынан, ғалымдардан, зиялы қауым өкілдерінен кемінде үш адамнан: қазылар алқасының төрағасы және оның мүшелерінен тұрады. Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасы мүшелері конкурсқа қатысушылардан түскен материалдар негізінде дауыс беру арқылы үш номинация бойынша жеңімпаздарды анықтайды.

Конкурс жеңімпаздары арнайы дипломдармен және қаржылай марапатталады. Елімізде төтенше жағдай режимінің енгізілуіне байланысты марапаттау рәсімі онлайн түрде жүргізілетін болады. Жеңімпаз болып танылған талапкерлердің материалдары республикалық кезенге қатысуға жолданылады.

Байланыс телефоны: 8 (7242) 60-53-15, 8-775-779-97-36, 8-776-878-57-77

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық конкурсына қатысу үшін өтінім

- Т.А.Ә. _____
- Жасы _____
- Білімі _____
- Жұмысы _____
- Мекенжайы _____
- Байланыс телефондары _____
- Мақала, бағдарлама, БАҚ атауы, жарияланған күні: _____

- _____
- _____

1. Қосымша ақпарат _____

Колы: _____

Күні: _____

Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)	Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)
--	---

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.